**Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 351 "2023-2025 жылдарға арналған Есет Көтібарұлы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 мамырдағы № 39 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 351 "2023-2025 жылдарға арналған Есет Көтібарұлы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Есет Көтібарұлы ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3- қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 44538,9 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2892,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері –41646,9 мың теңге;

2) шығындар – 44935,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -396,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 396,2 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 396,2 мың теңге.";

4- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. 2023 жылға арналған Есет Көтібарұлы ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 41646,9 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт соммасын бөлу Есет Көтібарұлы ауылдық округі әкімі шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық мәслихатының төрағасы* *С. Бигеев*

Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 мамырдағы № 39 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 351 шешіміне 1- қосымша

## 2023 жылға арналған Есет Көтібарұлы ауылдық округ бюджеті

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| | | | I.Кірістер | 44538,9 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 2892,0 |
| | 01 | | Табыс салығы | 32,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 32,0 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1941,0 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 35,0 |
| | | 3 | Жер салығы | 6,0 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1900,0 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 919,0 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 919,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 41646,9 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 41646,9 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 41646,9 |
| II. Шығындар | | | | 44935,1 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік | 41915,1 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көрсетілетін қызметтер | |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 41915,1 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 41915,1 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 41915,1 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 20,0 |
| | 9 | | | Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер | 20,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 20,0 |
| | | | 002 | Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру | 20,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 3000,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 3000,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 3000,0 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 1600,0 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 700,0 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 700,0 |
| | | | | III. Бюджет тапшылығы (профициті) | -396,2 |
| | | | | IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 396,2 |
| 8 | | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 396,2 |
| | 01 | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 396,2 |
| | | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 396,2 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК